



ШЕШІМ
РЕШЕНИЕ

2019 жылғы 19 шілдесі

Шалқар қаласы

№ 361

город Шалқар

**Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №293
«Шалқар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру
үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру,
мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға
2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №293 «Шалқар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-224 тіркелген, 2019 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1 тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) бір жүз еселік есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;».

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

**Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы**

М.Ержанов

С.Бигеев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 22.07.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6288 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Марат Улжабаевич Ержанов,
19.07.2019 16:59:26, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - секретарь маслихата Скак Изтлеуович Бигеев, 19.07.2019
17:00:29, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Марат Улжабаевич Ержанов,
19.07.2019 17:01:45, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев,
19.07.2019 19:05:45, положительный результат проверки ЭЦП